

## Мақала туралы мәлімет / Содержание

«ЖАСТАР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы

Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых «МОЛОДЕЖЬ И НАУКА: НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ»

The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «YOUTH AND SCIENCE: PRESENT AND FUTURE»

<b>Жинақ</b>	IV, Атырау, 8/04/2026, 2026 ж.
<b>ISBN</b>	978-601-262-638-4
<b>Секция</b>	СЕКЦИЯ IV. ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ / ЭКОНОМИЧЕСКИЕ И ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ Секция IV.II. Цифрлық технологиялар жағдайындағы құқықтық жүйені дамыту және құқық қолдану тәжірибесі / Развитие правовой системы и практика правоприменения в условиях цифровых технологий
<b>Жинақтағы рет нөмірі</b>	№ 042
<b>Мазмұндағы беті</b>	196
<b>Жарияланған беттері</b>	196-201
<b>Автор(лар)</b>	Ахманов Алишер Төлегенұлы
<b>Мақала атауы</b>	ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СЕРВИСТІК ПОЛИЦИЯ ЖҮЙЕСİNДЕГІ УЧАСКЕЛІК ИНСПЕКТОРЛАР ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
<b>Мазмұндағы жазылуы</b>	ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ Ахманов А.Т., Бегалиев Е.Н. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СЕРВИСТІК ПОЛИЦИЯ ЖҮЙЕСİNДЕГІ УЧАСКЕЛІК ИНСПЕКТОРЛАР ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ескерту: бет нөмірлері жинақтың соңындағы «МАЗМҰНЫ» бөліміндегі жарияланған беттерге сәйкес берілді.

**«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СЕРВИСТІК ПОЛИЦИЯ ЖҮЙЕСІНДЕГІ УЧАСКЕЛІК  
ИНСПЕКТОРЛАР ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**

**Ахманов Алишер Төлегенұлы**

[Ahmanov@mail.ru](mailto:Ahmanov@mail.ru)

«Құқықтану» білім бағдарламасының 2 курс магистранты

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі, з.ғ.д., профессор – Бегалиев Е.Н.

Қазақстандағы сервистік полиция жүйесіндегі учаскелік инспекторлар қызметінің ұйымдастырылуы талданады. Зерттеуде негізгі проблемалар айқындалып, халықаралық сервистік полиция тәжірибесі негізінде жетілдіру жолдары ұсынылады. Ұсыныстар полиция мен қоғам арасындағы өзара сенімді нығайтуға және профилактикалық қызметтің тиімділігін арттыруға бағытталған.

Мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру бағытында құқық қорғау жүйесін реформалау Қазақстан Республикасының стратегиялық приоритеттерінің бірі ретінде белгіленген. Елдегі қоғамдық қауіпсіздік деңгейі мен азаматтардың құқық қорғау органдарына деген сенімі мемлекеттің құқықтық қағида бойынша дамуының маңызды көрсеткіштеріне жатады. Осы тұрғыда полиция қызметін жазалаушы функциядан сыни тұрғыда қорғаныс пен қоғамның сенімін күшейтетін сервистік модельге көшіру қажеттілігі туындаған. Аталған бағыт Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы алқа мәжілісінде және алдыңғы Жолдауларында полицияның сервистік моделін енгізу мен кеңейту мәселелеріне назар аударуымен айқын көрінеді. Онда құқық қорғау жүйесінің бюрократиялық кедергілерден арылуы, полиция қызметінің сапасын арттыру мен азаматтардың өзекті мәселелерін шешуге бағдарлануы басты міндеттер ретінде қойылды [1].

Сервистік полицияның негізгі элементтерінің бірі – учаскелік инспекторлар институты. Олардың рөлі әкімшілік аумақтарда қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтардың алдын алу, азаматтармен тікелей өзара әрекет жасау арқылы айқын көрінеді. Қазақстанда учаскелік инспекторлар қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде жауапты тұлға ретінде танылған. Олардың қызметін жеделдетуге қоғамдық мәселелерді шешуге бағытталған цифрлық коммуникация құралдарын енгізу секілді пилоттық жобалар істен шықпайтынын көрсететін тәжірибелер жүргізілуде [2].

Сонымен қатар, халықаралық тәжірибе көрсеткендей, полиция мен қоғам арасындағы серіктестік қағидаты құқық бұзушылықтардың алдын алуда тиімді құрал болып табылады. Әлемдік зерттеулер полиция қызметінің нәтижелілігін бағалау кезінде тек қылмыс көрсеткіштеріне сүйенбей, қоғамның құқық қорғау органдарына деген сенім деңгейін де есепке алуды ұсынады [3]. Себебі, қоғамдық сенім жоғары болған жағдайда полиция мен азаматтардың өзара әрекеті тиімді жүзеге асады. Осы зерттеу сервистік полиция жүйесіне көшу мен учаскелік инспекторлар қызметін ұйымдастыру мәселелерін жан-жақты талдауды көздейді.

Сараланған пікірталастар мен өзекті статистикалық мәліметтер полиция мен қоғам арасындағы қарым-қатынастың сапасына тікелей әсер ететін әлеуметтік-құқықтық факторларды айқындайды. Сонымен бірге реформалық процестің тиімділігін арттыру үшін нақты басқару, құқықтық әрі коммуникациялық тетіктерді пайдаланудың маңыздылығын көрсетеді. Осылайша, елдегі қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің сервистік моделін жетілдіру мақсатында учаскелік инспекторлар институтына бағытталған ғылыми-теориялық және практикалық ұсыныстарды әзірлеу қажеттігі артып отыр.

Полиция қызметінің әлеуметтік-қоғамдық негізін профилактика мен қызмет көрсету қағидаларына көшіру тарихы ұзақ және көпқырлы эволюциялық жолдан өтіп, классикалық парадигмадан, яғни тәртіп пен бақылауға бағытталған иерархиялық жүйеден қоғаммен әріптестік пен

сервистік өзара әрекетке негізделген модельдерге трансформацияланды. Бұл трансформацияның ең ерте теоретикалық бастаулары ХІХ ғасырдағы Лондон метрополитен полициясының негізін қалаушы ретінде танылған Р. Пил ұстанымдарымен байланысты: полиция қызметі қоғаммен тікелей серіктестікті орнатуы және қылмысты алдын-алуға басымдық беруі тиіс деген принциптер кейінгі ұрпаққа «қоғамдық полиция қызметі» ұғымының логикалық алғышарты ретінде қалды [4].

XX ғасырдың ортасы мен екінші жартысында технологиялық және урбанизациялық процестер полицияның оперативтік-реактивтік тәсілдеріне басымдық берді. Соған орай, қоғаммен тікелей байланыс азайып, «патруль-реакция» моделі күшейді. 1970-1990-жылдары әлеуметтік ғылымдарда жүргізілген эмпирикалық зерттеулер полицияның алдын-алу қызметіне қайта оралу қажеттігін көрсетті, әрі көршілестік деңгейінде тұрақты лауазымды офицерлер арқылы құқықтық тәртіпті қалыптастыру тәжірибелерін жаңғыртуға түрткі болды. Осының нәтижесінде «қоғамға бағытталған полиция қызметі» ұғымы дамыды. Оның негізгі элементтері, атап айтқанда аймақтық жауапкершілік, қоғамдық қатысу, проблемаларға бағытталған шешімдер мен полиция қызметінің ашықтығы ХХІ ғасырда сервистік полиция қызметінің ашықтығы ХХІ ғасырда сервистік полиция түрінде институционалдана бастады. Оңтүстік және Солтүстік Америка, Батыс Еуропа елдерінде жүзеге асырылған жобалар қызметтің тиімділігі мен қоғамдық сенімділікті арттыруда маңызды көрсеткіштер бергенімен, тәжірибелер арасында қолдану контекстіне сай бейімдеуді талап ететін сипаттар тіркелді.

«Сервистік полиция» ұғымы практикалық жағынан «қоғамдық полиция қызметінің» негізгі қағидаттарын қамти отырып, азаматтарға тікелей қызмет көрсетуді, құқық қорғау органдарының бюрократиялық кедергілерін азайтуды, қоғамның құқық қорғау жүйесіне деген сенімін күшейтуді мақсат етеді. АҚШ-тың «Қоғамға бағытталған полиция қызметтері» (COPS) бағдарлама тәжірибесі полиция қызметін профилактикаға және қоғаммен серіктестікті нығайтуға бағытталған қаржылық-техникалық қолдаудың модельін көрсетті [5]. Сондай-ақ бағдарламаның пилоттық жобалары аймақтық офицерлер мен халық арасындағы сенімді арттырудың өлшенетін әдістерін енгізуге үлес қосты. Халықаралық аналитикаға сәйкес, сервистік элементтерді енгізу қылмыс көрсеткіштерін бірден төмендетпей қалуы мүмкін, алайда әлеуметтік сенімділік пен полицияның қоғаммен қарым-қатынасы ұзақ мерзімді оң динамикаға ие болады.

Қазақстанда сервистік полиция тұжырымдамасын енгізу жүйелі реформа аясында жүзеге асырылуда. Пилоттық жобалар мен институционалдық өзгерістер Астана мен Қарағанды қалаларында сынақтан өтті, тәжірибелерден алынған қорытындылар жергілікті атқарушы органдармен және ішкі істер органдарымен тығыз өзара әрекеттестікті қажет ететінін көрсеткен [6]. ҚР-ның ресми жарияланымдарында полиция қызметін сервистік модельге ауыстыру әлеуметтік бағытты қызметті күшейту, әкімшілік рәсімдерді оңайлату мен халықпен ашық диалогты қамтамасыз ету шараларын қамтитыны атап өтілген.

Зерттеулер мен практикалық есептер учаскелік инспекторлар қызметінің сервистік функционалдығы – қоғаммен диалог, әлеуметтік мәселелерді шешудегі рөл мен алдын-алу жұмысының нәтижелілігі арта түсетінін дәлелдейді.

Учаскелік инспекторлар институтының сервистік модельге интеграциясы бірнеше теориялық және практикалық сұрақты тудырады: қызметтік жүктеменің қайта бөлінуі, аймақта специфика мен әлеуметтік-экономикалық факторларды есепке алатын бейімделген жұмыс қағидалары, цифрлы коммуникациялар арқылы қоғамдық шағымдарды өңдеудің тиімділігі және қызметкерлердің рөлін қайта анықтауға байланысты кәсіби даярлық талаптары. Элиталық басқару-ұйымдастырушылық реформалар мен нормативтік негіздеме полиция мен қоғам арасындағы сенімді нығайтуға мүмкіндік береді, алайда нақты индикаторлар арқылы бағалау қажет: тұрғындардың құқық қорғау органдарына сенімі, аймақтық құқық бұзушылықтардың динамикасы, учаскелік профилактикалық шаралардың тиімділігі және полиция-қоғам әріптестігін көрсете алатын көрсеткіштер. Парламенттік және ведомстволық құжаттарда сервистік модельге енгізу кезеңдеріне қатысты тапсырмалар бекітілгені реформалардың институционалдық сипатқа ие екенін растап отыр.

Ғылыми зерттеу контекстінде «сервистік полиция» ұғымының тарихы мен эволюциясы теориялық негіздерін нақтылау мен локальды тәжірибе негізінде практикалық тетіктерді анықтау құқық қорғау қызметін реформалаудың стратегиялық бағытын қалыптастыруға қажетті аналитикалық база қалыптастырады. Учаскелік инспекторлар қызметін сервистік парадигмаға көшіру жөніндегі зерттеу талаптары нормативтік-құқықтық талдау, халықаралық салыстырмалы зерттеу мен аймақтық пилоттық жобалардың эмпирикалық нәтижелерін біріктіруді талап етеді.

Полиция қызметін ұйымдастыру тәжірибесінде тарихи тұрғыда басым болған дәстүрлі модель құқықтық тәртіпті сақтау мен қылмыстық әрекеттерге жедел ден қоюды негізгі мақсат ретінде қарастырды. Аталған модельде полиция қызметі биліктік сипатқа ие болып, азаматтармен қарым-

қатынас көбіне біржақты, әкімшілік-өкімдік тәсілдерге негізделді. Құқық бұзушылыққа әрекет етудің реактивтік сипаты, қызмет нәтижесін статистикалық көрсеткіштер арқылы бағалау мен иерархиялық басқару жүйесі дәстүрлі модельдің басты белгілерін айқындады.

Сервистік полиция моделі қоғамдық қатынастардың трансформациясы мен демократиялық құндылықтардың дамуы нәтижесінде қалыптасқан заманауи басқару парадигмасына сүйенеді. Аталған модель полицияны тек бақылаушы орган ретінде емес, қоғамға қызмет көрсететін әлеуметтік институт ретінде тануды көздейді. Қызметтің алдын алу бағытына басымдық берілуі, азаматтармен серіктестік қатынас орнату, сенім мен ашықтық қағидаттарын нығайту сервистік модельдің негізгі мазмұнын құрайды. Қызмет нәтижесі қылмыс деңгейімен ғана емес, тұрғындардың қанағаттану дәрежесі, қоғамдық сенім көрсеткіштері мен профилактикалық шаралардың тиімділігі арқылы бағаланады. Дәстүрлі және сервистік полиция модельдерінің айырмашылықтары төмендегі кестеде жүйеленіп көрсетілген.

Жүргізілген салыстырмалы талдау сервистік полиция моделінің қоғам сұранысына анағұрлым бейімделгенін, учаскелік инспекторлар қызметінің мазмұнын сапалық жаңа деңгейге көтеруге бағытталғанын көрсетеді. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тек жазалау шараларымен шектелмей, әлеуметтік серіктестік пен сенімге негізделген жағдайда ғана тұрақты нәтижеге қол жеткізе алады. Осы тұрғыда сервистік полиция моделі құқық қорғау қызметінің тиімділігін арттырудың стратегиялық құралы ретінде қарастырылады.

Сервистік полиция жүйесінде учаскелік инспектор институты қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі тірек буыны болып саналады. Аумақтық қағидат бойынша қызмет атқаратын учаскелік инспекторлар халықпен тікелей байланыс орнату арқылы құқық бұзушылықтардың алдын алу, әлеуметтік сипаттағы тәуекелдерді ерте анықтау, қоғамдағы шиеленістерді бастапқы кезеңде реттеу функцияларын жүзеге асырады. Ғылыми зерттеулерде учаскелік инспектор қызметінің тиімділігі полиция мен қоғам арасындағы өзара сенім деңгейімен тікелей байланыстырылатыны атап өтіледі, ал «сервистік полиция» моделі дәл осы сенімді институционалдық деңгейде бекітуді мақсат етеді.

Қазақстан Республикасында учаскелік инспекторлар қызметі аумақтық қағидат негізінде ұйымдастырылып, әрбір инспекторға нақты әкімшілік аумақ бекітіледі. Қызметтің мазмұны қоғамдық тәртіпті сақтау, әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, азаматтардың өтініштерін қарау, профилактикалық есепте тұрған тұлғалармен жұмыс жүргізу мен әлеуметтік сипаттағы қауіп-қатерлерді бақылауды қамтиды. Аталған функциялар сервистік полиция қағидаттарына сәйкес халықпен күнделікті тікелей өзара іс-қимылды талап етеді.

Практикалық деректер учаскелік инспекторлардың қызметтік жүктемесінің жоғары деңгейде екенін көрсетеді. Бір инспекторға бекітілген тұрғындар саны қала мен ауылдық жерлерде айтарлықтай ерекшеленеді: ірі қалаларда бір учаскелік инспектор бірнеше мың тұрғынға қызмет көрсетсе, ауылдық елді мекендерде аумақтың кеңдігі мен көлік инфрақұрылымының шектеулілігі қызметтің қолжетімділігін төмендетеді. Осындай жағдай профилактикалық жұмыстың жүйелі жүргізілуіне кедергі келтіріп, сервистік функциялардың толық іске асуына әсер етеді. Аймақтық ерекшеліктер учаскелік инспекторлар қызметінің мазмұнына тікелей ықпал етеді. Урбанизация деңгейі жоғары өңірлерде тұрмыстық жанжалдар, әкімшілік құқық бұзушылықтар мен миграциялық процестер басым болса, ауылдық аумақтарда әлеуметтік-тұрмыстық мәселелер, алкоголь өнімдерін заңсыз пайдалану мен отбасылық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтар жиі тіркеледі. Осы айырмашылықтар учаскелік инспекторлардың қызметін ұйымдастыруда икемді тәсілді талап етеді.

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселесі де өзекті болып қала береді. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі деректеріне сәйкес, соңғы жылдары қызметтік көлік, байланыс құралдары мен цифрлық платформалармен қамтамасыз ету бағытында оң өзгерістер орын алғанымен, бірқатар өңірлерде аталған ресурстардың жеткіліксіздігі байқалады. Материалдық база сервистік полиция талаптарына толық сәйкес келмеген жағдайда, учаскелік инспекторлардың халықпен жұмыс істеу мүмкіндігі шектеледі.

Сервистік полиция жүйесінде учаскелік инспекторлардың қызметі жазалаушы әрекеттерден гөрі халыққа бағытталған әлеуметтік-профилактикалық функциялармен сипатталады [7]. Халықпен жұмыс жүргізу сервистік тәсілдің негізгі элементі ретінде қарастырылып, азаматтардың өтініштері мен шағымдарын уақтылы қарау, түсіндіру жұмыстарын жүргізу, құқықтық кеңес беру арқылы жүзеге асырылады. Ашық қабылдау форматтары мен тұрғындармен тұрақты кездесулер полиция қызметінің қолжетімділігін арттыруға бағытталған.

Алдын ала қызметі учаскелік инспекторлардың сервистік функцияларының өзегін құрайды. Профилактикалық есепте тұрған тұлғалармен жеке жұмыс жүргізу, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың

алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытындағы шаралар қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға ықпал етеді. Практика көрсеткендей, құқық бұзушылықтардың едәуір бөлігі дәл осы учаскелік деңгейде ерте анықталып, алдын алу шаралары қабылданған жағдайда ауыр салдарға жеткізілмейді.

Әлеуметтік бағыттағы қызмет сервистік полиция тұжырымдамасының маңызды құрамдас бөлігі саналады. Учаскелік инспекторлар жергілікті атқарушы органдармен, білім беру мекемелерімен, денсаулық сақтау ұйымдарымен, қоғамдық бірлестіктермен бірлесіп жұмыс жүргізу арқылы әлеуметтік тәуекелдерді төмендетуге атсалысады. Мұндай өзара іс-қимыл полиция қызметкерін тек бақылаушы емес, қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз ететін серіктес ретінде танытады.

Учаскелік инспекторлар қызметін ұйымдастыру тәжірибесін талдау бірқатар жүйелі проблемалардың сақталып отырғанын көрсетеді. Солардың бірі – кадр тапшылығы. Қызметтің күрделілігі мен жүктеменің жоғары болуы кадрлардың тұрақтамауына алып келіп, тәжірибелі мамандардың жетіспеушілігін туындатады. Аталған жағдай сервистік полиция қағидаттарын тұрақты жүзеге асыруға кері әсерін тигізеді.

Қағазбастылық мәселесі де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Есеп беру құжаттарының көптігі учаскелік инспекторлардың уақытын тұрғындармен тікелей жұмыс істеуден алыстатып, сервистік функциялардың формалдылық сипат алуына себеп болады. Цифрландыру бағытындағы шараларға қарамастан, кейбір әкімшілік рәсімдердің қайталануы қызметтің тиімділігін төмендетеді.

Қызметтік жүктеменің тең бөлінбеуі аймақтық айырмашылықтарға байланысты орын алады. Бір учаскелік инспекторға бекітілген аумақ пен тұрғындар санының шамадан тыс болуы профилактикалық жұмыстың сапасына әсер етеді. Мұндай жағдайда қызметтің реактивтік сипаты күшейіп, сервистік тәсіл екінші кезекке ығыстырылады.

Халық сенімінің жеткіліксіздігі де маңызды проблема ретінде сақталуда. Әлеуметтік зерттеулер полицияға деген сенім деңгейінің біркелкі емес екенін көрсетеді, ал сенімнің төмендеуі азаматтардың құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимылын әлсіретеді. Сервистік полиция жүйесінде сенім негізгі ресурс ретінде қарастырылатындықтан, учаскелік инспекторлар қызметін ұйымдастыруда ашықтық пен есептілік тетіктерін күшейту қажеттілігі айқын көрінеді.

Полиция қызметінің профилактикалық және сервистік сипатқа көшуі жүйелі өзгерістерді талап етеді: институционалдық, құқықтық, білім беру- әдістемелік және техникалық инфрақұрылымдық өзгерістер. Төменде халықаралық тәжірибелердің экспортталатын компоненттері, олардың дәлелді нәтижелері мен Қазақстанға бейімдеу жолдары ғылыми-практикалық тұрғыда алдын ала сараланып ұсынылған.

АҚШ-тағы «Қоғамға бағытталған полиция қызметтері» (COPS) бағдарламасы полицияны профилактикаға, қауымдастықпен серіктестікке әрі жергілікті деңгейдегі жауапкершілікке бағыттайтын қаржыландыру-тренинг тетіктерін көрсетті. Бағдарламаның пилоттық, кең ауқымды енгізу жобалары тұрғындардың құқық қорғау органдарына деген сенімін арттыруға, жергілікті проблемаларға бағытталған шешімдер әзірлеуге, кей өңірлерде қылмыс статистикасын төмендетуге ықпал етуі мүмкін екені жөнінде аналитикалық есептер бар. Алайда әсері контекстке тәуелді болғандықтан, өлшеу-бағалау жүйелерін енгізу маңызды. Қолданылған практикалық құралдарға аймақтық офицерлерді тұрақты түрде бекіту, қоғамдық кеңестерді ұйымдастыру мен жергілікті қатысушы жобаларды қаржыландыру жатады.

Жапондық «Кобан» жүйесі шағын учаскелік полиция бекеттерін тұрақты түрде орналастыру арқылы тұтас қауымдастыққа оқшауланбай кірігу тәжірибесін ұсынады. Кобан-дар қоғамдық қауіпсіздікке қатысты жылдам жауапты қамтамасыз ете отырып, халықпен күнделікті, бейресми байланыс орнатады; сол арқылы қоғамдық сенімділікті қалыптастыруда жоғары нәтижелер көрсеткен. Жапон тәжірибесі учаскелік офицерлердің жолдастық-әлеуметтік рөлі мен физикалық қолжетімді инфрақұрылымның маңыздылығын дәлелдейді [8].

Ұлыбританияның «Жергілікті полиция қызметі» саясаты тәжірибеде зор мәнге ие: жергілікті офицерлер мен «Полицияның қоғамдық қолдау қызметкерлері» (PCSO) арқылы қауымдастықпен тұрақты жұмыс жүргізуге басымдық бергені қоғамдық сенімді арттыруда тиімді құрал саналған [9]. Соған қарамастан соңғы онжылдықтағы ресурстық қысқартулар мен приоритеттердің ауысуы қызмет көрсетудің біркелкі болмауына әкелді. Осыдан анықталған сабақ – сервистік модельді тұрақтандыруға арналған ресурстар мен басқару кепілдіктері қажет.

Халықаралық тәжірибені талдау сервистік полиция моделін тиімді енгізу үшін бірқатар әмбебап заңдылықтардың қалыптасқанын көрсетеді. Ең алдымен, учаскелік деңгейде бір аумаққа тұрақты түрде бекітілген офицерлердің болуы полиция қызметінің қолжетімділігін арттырып қана қоймай, қоғам тарапынан сенімнің орнығуына тікелей ықпал етеді. Тұрғындармен ұзақ мерзімді әрі жүйелі байланыс

орнату құқық бұзушылықтардың алдын алу мүмкіндіктерін кеңейтіп, полиция қызметін формалды бақылаудан серіктестік қатынас деңгейіне көтереді.

Сонымен қатар, полиция қызметін ұйымдастыруда аймақтық әлеуметтік, демографиялық және экономикалық ерекшеліктерді ескеретін проблемалық-бағдарлы тәсілдің маңызы айқындалады. Қауымдастық деңгейінде нақты проблемаларды анықтау, олардың себеп-салдарлық байланысын талдау және сол мәселелерге бағытталған мақсатты шараларды іске асыру оперативтік, стратегиялық нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл полиция қызметін әмбебап стандарттарға емес, нақты аумақтың қажеттіліктеріне бейімдеуге жағдай жасайды.

Халықаралық зерттеулер полиция қызметінің тиімділігін бағалауда тек қысқа мерзімді статистикалық көрсеткіштерге сүйенудің жеткіліксіз екенін дәлелдейді. Қылмыс деңгейінің өзгеруімен қатар, қоғамдық сенім индексі, азаматтардың полиция қызметіне қанағаттану деңгейі мен өтініштерді қарау уақыты сияқты сапалық индикаторларды енгізу қызметтің әлеуметтік нәтижелілігін объективті бағалауға мүмкіндік береді. Аталған көрсеткіштер сервистік полицияның қоғаммен өзара іс-қимыл сапасын айқындайтын негізгі өлшемдер ретінде қарастырылады.

Инфрақұрылымдық қолжетімділік пен цифрлық шешімдердің өзара үйлесуі де сервистік полиция моделінің тиімділігін арттыратын маңызды факторлардың бірі саналады. Жергілікті деңгейде орналасқан шағын учаскелік пункттердің тұрғындарға жақын болуы полиция қызметін физикалық тұрғыдан қолжетімді етсе, цифрлық платформалар азаматтардың өкініштері мен хабарламаларын жедел қабылдауға, кері байланысты күшейтуге, қызмет нәтижесін ашық бақылауға мүмкіндік береді. Осындай кешенді тәсіл сервистік полиция қағидаттарын институционалдық деңгейде орнықтырудың пәрменді құралы ретінде бағаланады.



1-сурет. Сервистік учаскелік инспектор қызметін жетілдіру кезеңдері мен компоненттері

Қазақстан жағдайында сервистік полиция моделін енгізу ең алдымен стратегиялық және нормативтік деңгейде нақты индикаторларды бекітуді талап етеді, себебі қоғамдық сенім индексі, өтініштерді өңдеу уақыты мен профилактикалық іс-шаралардың нәтижелілігі реформаның шынайы әсерін бағалауға мүмкіндік береді. Аталған индикаторлар негізінде пилоттық жобаларды кең ауқымды енгізуге құқықтық-басқарушылық алғышарттар қалыптасады.

Келесі кезеңде пилоттық аймақтарды іріктеп, учаскелік полицияның шағын пунктерін құру арқылы институциялық инфрақұрылымды дамыту қажеттілігі туындайды, өйткені полицияның физикалық қолжетімділігі тұрғындармен тұрақты байланыс орнатудың негізгі шарты саналады. Мұндай инфрақұрылымдық шешімдер бұрын іске асырылған өңірлік пилоттардың тәжірибесін жүйелеуге, сервистік функцияларды кеңейтуге жол ашады.

Кадр саясаты сервистік полицияның табысты жұмыс істеуінің өзегін құрайды, сондықтан учаскелік инспекторлардың коммуникациялық, медиативтік пен цифрлық дағдыларын дамытуға бағытталған оқыту бағдарламаларын енгізу маңызды. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, кәсіби даярлық пен материалдық қолдаудың үйлесуі қызмет сапасының тұрақты өсуіне ықпал етеді.

Сонымен қатар, полиция қызметін цифрландыру арқылы азаматтық өтініштерді қабылдау мен өңдеудің бірыңғай платформасын енгізу халықпен кері байланысты күшейтіп, есеп берудің

ашықтығын арттырады. Цифрлық шешімдер сервистік полицияның қызмет көрсету функциясын заманауи талаптарға сай бейімдеуге мүмкіндік береді.

Қоғамдық қатысу тетіктерін дамыту сервистік модельдің әлеуметтік негізін нығайтады, сол арқылы қоғамдық кеңестер, ашық есеп беру, жергілікті қауіпсіздік форумдары полиция мен тұрғындар арасындағы сенімді қалпына келтіруге ықпал етеді. Мұндай өзара іс-қимыл ұзақ мерзімді нәтижеге жетудің маңызды шарты ретінде қарастырылады.

Пилоттық жобалардың тиімділігін қамтамасыз ету үшін тұрақты мониторинг пен бағалау жүйесін қалыптастыру қажет, ал сапалық көрсеткіштерді қолдану реформаның әлеуметтік әсерін толық айқындауға жағдай жасайды. Аталған шаралар қаржылық тұрақтылық пен ресурстарды кезең-кезеңімен жоспарлаумен ұштасқан жағдайда сервистік полиция моделін ел көлемінде орнықты енгізуге мүмкіндік береді.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қасым-Жомарт Тоқаев полицияның сервистік моделінің мәнін түсіндірді // Inform.kz. – 30 маусым 2023 [Электрондық ресурс]. – URL: [https://kaz.inform.kz/news/kasym-zhomart-tokaev-policiyanyn-servistik-modelinin-manin-tusindirdi\\_a4084692/?ysclid=ml2xfgidw977578052](https://kaz.inform.kz/news/kasym-zhomart-tokaev-policiyanyn-servistik-modelinin-manin-tusindirdi_a4084692/?ysclid=ml2xfgidw977578052)
2. Учаскелік инспектор әрдайым байланыста // GOV.KZ. – Павлодар облысының полиция департаменті [Электрондық ресурс]. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mvd-pavlodar/press/news/details/117618?ysclid=ml2xidgchb151971272>
3. Boulton L., McManus M., Metcalfe L., Brian D., Dawson I. Calls for police service: Understanding the demand profile and the UK police response // The police journal. – 2017. – Т. 90. – №. 1. – P. 70-85.
4. Emsley C. Peel's principles, police principles // The future of policing. – Routledge, 2013. – С. 11-22.
5. Weisburst E. K. Safety in police numbers: Evidence of police effectiveness from federal COPS grant applications // American Law and Economics Review. – 2019. – Т. 21. – №. 1. – С. 81-109.
6. Полиция жұмысының қазақстандық сервистік моделі: перспективалары және даму стратегиясы // GOV.KZ. – Министрлік Ішкі істер министрлігінің ресми ақпараттық ресурсы. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/police/press/media/details/23432?lang=kk&ysclid=ml2xqbf0lv250080824>
7. Seitakova B., Saitbekov A., Kulmukhanbetova B. Social Determinants of Police Efficiency in Kazakhstan: A Criminological Perspective // Pakistan Journal of Criminology. – 2024. – Т. 16. – №. 3.
8. Kawamura N., Shirakawa Y. Current developments affecting the Japanese koban system of community policing // The Handbook of Knowledge-Based Policing: Current Conceptions and Future Directions. Chichester: John Wiley & Sons. – 2008. – С. 157-174.
9. Bradford B., Rowlands D., Weirich C. A., Crawford A. What service should police provide? Towards a minimum policing standard // Policing and Society. – 2025. – Т. 35. – №. 7. – С. 1001-1018.